





Бекішев Фазыл

1911 жылы қостанай облысы Аманкелді ауданына қарасты Ұзынқоға ауылында туған. 1942 жылы наурыз айында Торғай АӘК-нан әскерге

шақырылып, соғыста 4-кавалерлік полкта қатардағы жауынгер болған. Жауынгерлік ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. 1945 жылы қараша айында әскер қатарынан босап елге келген соң колхоз, совхоздарда есепші болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. 2004 жылы қайтыс болған.